

Астана қаласы әкімдігінің «І.Есенберлин атындағы №67 гимназия» Тілдер мерекесіне орай өткізілген іс-шаралардың анықтамасы

Бүгін 2025 жылдың 5 қыркүйек күні Қазақстан халқының тілдер күніне арналған «Тіл – ұлт қазынасы» атты тілдер апталығының ашылу салтанаты жоғары деңгейде өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – әлем халықтарының тілдеріндегі өнер мен шығармашылықты көрсету арқылы тілдердің өзара байланысын, олардың ұлт мәдениетіне қосатын үлесін түсіндіру, сондай-ақ тілдің құдіреті мен қасиетін дәріптеу болды.

Мерекелік шара мектептің әнұранымен ашылып, жүргізушілердің әсерлі сөздерімен жалғасты. Олар тілдің – ұлттың жаны, рухы және басты байлығы екенін айрықша атап өтіп, шараның мән-маңызын көрермендерге жеткізді.

Алғашқы сөз кезегі ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналды. Оның 180 жылдық мерейтойына орай 9 «Д» сыныбының оқушысы Әмірханов Әсет ұлы ақынның қарасөздерінен үзінді оқып, кештің рухани шымылдығын түрді. Сондай-ақ 11 «Б» сынып оқушысы Жұмабай Рамазан орыс әдебиетінің классигі Александр Пушкиннің өлеңдерін, 9 «А» сынып оқушысы Серікбай Нұрислам неміс ақыны Йоганн Вольфганг фон Гётедің аудармасын нақышына келтіріп оқыды.

Мерекелік бағдарлама барысында тілге, мәдениетке арналған өлеңдер, әндер, мәнерлеп оқу және сахналық көріністер орындалды. 8 «И» сыныбының оқушысы Сәбит Інжу француз тіліндегі «Dernière danse» әнін әсем әуезбен орындап, көрермен жүрегін жаулап алды. Ал мәнерлеп оқу бөлімінде оқушылар қазақ тілінің қадір-қасиетін асқақтата жырлап, тілге деген сүйіспеншілікті паш етті.

Кеш барысында ұлттық рухты көтеретін шетел және отандық әндер де шырқалды. «Салтанат» тобы көпшілікке танымал «Крылатые качели» әнін орындаса, 11 «Ә» сыныбының оқушысы Еділ Әділжан ағылшын тіліндегі «For the rest of my life» әнімен көпшілікті тәнті етті.

Шара соңында жүргізушілер тілдің ұлт үшін маңыздылығын тағы бір мәрте атап өтіп, оны құрметтеу – ұлттың тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету екенін айтты. Кеш қорытындысында:

«Тіліміз аман болсын, ұлтымыздың рухы жасай берсін!» – деген ізгі тілек айтылды.

Ашылу салтанатында оқушыларға тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттың жаны мен рухы, тарихы мен болашағы екенін терең ұғындырды. Әр оқушының өнері мен ықыласы шараның мазмұнын байытып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.



<https://www.instagram.com/reel/DObReX-DCB3/?i>

«Тіл байлығы-ой байлығы» апталығының жоспары аясында 8-10 сынып оқушылары арасында «Шешендік сөз шиыры» атты ашық сайыс өтті.

Байқаудың негізгі мақсаты – 8–10 сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беру, олардың өнер мен гуманитарлық-эстетикалық бағыттағы мамандықтарға қызығушылығын арттыру. Сонымен қатар, өлең жазу, шешендік сөздер айту, тапқырлық таныту сияқты жеке шығармашылық қырларын ашу арқылы оқушылардың әдебиет пен тілге деген сүйіспеншілігін ояту көзделді. Байқау бірнеше кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде қатысушылар өздерін таныстырып, авторлық шығармаларын (өлең, эссе, көркем сөз) ортаға салады. Екінші кезеңде шешендік өнер мен тапқырлыққа негізделген тапсырмалар орындалды. Қатысушылар қазақтың билері мен шешендерінің нақыл сөздерін мысалға келтіріп, өз ойларын нақты әрі көркем тілмен жеткізуге тырысады. Қазылар алқасы оқушылардың тілдік мәдениетін, ой жүйелілігін, сахнада өзін ұстауын бағалады. Байқау оқушылардың бойындағы дарынды танып, олардың шығармашылық әлеуетін арттыруға зор мүмкіндік береді. Сонымен бірге, дарынды жастардың болашақта өз бағытын дұрыс таңдауына жол ашады.

Байқау тартымды өтіп, жас буынның ұлттық рухани құндылықтарға жақындай түсуіне ықпал етті.

Іс-шараны ұйымдастырушылар: қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі
11.09.2025 жыл



2025 жылдың 12 қыркүйек күні гимназия қабырғасында 5-сынып оқушыларының қатысуымен “Өлең – сөздің патшасы” атты іс-шара өткізілді. Іс-шараның мақсаты: оқушылардың тілге деген сүйіспеншілігін арттыру, қазақ әдебиетінің асыл мұраларын дәріптеу және сөз өнерінің қадір-қасиетін ұғындыру болды.

Шара барысында қазақтың ұлы ақындары мен ағартушыларының тіл туралы өлеңдері оқылып, олардың шығармашылық мұралары жайлы мағлұмат берілді. Әсіресе, Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері оқушылар тарапынан нақышына келтіріліп жатқа айтылды.

Оқушылар көркемсөз оқу арқылы тілге деген құрметін білдіріп, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын танытты. Іс-шараға барлық 5-сынып оқушылары белсене қатысты.

Ұйымдастырған: Қазақ тілі ӘБ
5-сынып мұғалімдері





Астана қаласы №67 гимназиясында Тілдер апталығы аясында «Сөз иірімдері» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында Tedx форматында іс-шара өткізілді
Мақсаты:

- Оқушының көркем шығарманы мәнерлеп оқу арқылы әдебие талғамын қалыптастыру;
- Tedx форматына сай көпшілік алдында еркін сөйлеу, ойды жүйелі жеткізу дағдыларын дамыту;
- Шығармашылық қабілеттерін шыңдап, өнерге деген қызығушылығын арттыру

Іс-шара барысында оқушы көркем мәтінді мәнерлеп оқып, шығарманың мазмұнын, идеялық ерекшелігін тыңдарманға әсерлі жеткізе білді. TEDx үлгісінде ұйымдастырылған бұл шара оқушының шығармашылық қабілетін, сөйлеу мәдениетін, көпшілік алдында еркін ойын жеткізу дағдысын дамытуға бағытталды.

Оқушылар тек пікір айтып қана қоймай, өз шығармашылығынан және таңдаулы ақын-жазушылардың өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Поэзия арқылы тілдің көркемдік қуаты, сөздің терең мағынасы, ұлттық рух пен адамгершілік құндылықтар ерекше әсермен жеткізілді. Өлең оқу сәттері тыңдарман көңілінен шығып, ерекше шабыт пен тебіреніске толы атмосфера қалыптастырды.

Іс-шара шығармашыл, жаңашыл және ойлы жас буынның қалыптасуына жол ашты.

Іс-шараны ұйымдастырушылар: қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі
 15.09.2025 жыл



2025 жылғы 10 қыркүйек күні І.Есенберлин атындағы №67 гимназияда 6–7 сынып оқушылары арасында «Қазақ графикасы тарихы» тақырыбында танымдық викторина жарысы өтті.

Іс-шараның мақсаты: Оқушыларға қазақ жазуының көне дәуірден қазіргі күнге дейінгі даму жолын таныту, жазу мәдениетіне қызығушылықтарын арттыру, тарихи мұраларды құрметтеуге баулу.

Жарыс барысында оқушылар топтарға бөлініп, қазақ графикасының тарихы, түркі жазбалары, араб графикасы, латын және кирилл әліпбиінің ерекшеліктері туралы қойылған сұрақтарға жауап берді.

Сонымен қатар, жарыс аясында қосымша шығармашылық тапсырмалар да орындалды. Әсіресе, оқушылар Орхон-Енисей жазуын сурет арқылы бейнелеп, көне таңбалардың мағынасын топпен талдап ұсынды. Бір топ — А.Байтұрсынұлының төте жазу үлгісімен шағын сөйлем жазып, оны кириллицаға аударып берді.

Іс-шара жақсы деңгейде ұйымдастырылып, оқушылардың тарихи сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізді.

Іс-шараны ұйымдастырушылар: қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігі
10.09.2025 жыл



І. Есенберлин атындағы №67 гимназияда 2025 жылдың 16.09. жұлдызында 8–10 сынып оқушылары арасында «Жыр сұңқары – Сәкен» атты медиасабақ өткізілді. Бұл медиа сабақ қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілі, ақиық ақын, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығын терең танытуға арналған. Сабақ барысында ақынның поэзиясы мен прозасындағы елдік, ерлік, табиғат пен махаббат тақырыптары заманауи мультимедиялық тәсілдер арқылы талданды.

Мақсаты:

- 1.Оқушыларға Сәкеннің әдеби мұрасын жан-жақты таныстыру;
- 2.Ақынның тарихи рөлін, ұлт руханиятына қосқан үлесін көрсету;
- 3.Бейнематериал, аудио-жазба, интерактивті тапсырмалар арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Медиасабақ барысында оқушыларға Сәкеннің өмір жолы мен әдеби мұралары жөнінде мультимедиялық таныстырылым ұсынылды. Сонымен қатар, оқушылар ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, бейнематериалдар арқылы шығармашылығымен танысты. Іс-шараға 8–10 сынып оқушылары белсене қатысып, әдебиетке деген қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін көрсетті.

Қорытынды: Медиясабақ оқушылардың әдеби танымын кеңейтіп, Сәкен Сейфуллин мұрасына деген құрмет сезімін арттырды.

Жауаптылар: Берекетова Г.К., Смагулова С.Ж., Қожан Г.



Тіл байлығы – ой байлығы» тіл апталығы аясында өткізілген «Ұлт ұстазы – Ахмет» тақырыбындағы дөңгелек үстел анықтамасы

Мақсаты:


Ұлт көсемі, ағартушы, тіл білімінің негізін қалаушы Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі мен мәдениетіне сіңірген еңбегін ұлықтау, оқушылардың тұлға туралы білімін тереңдету, тарихи танымын кеңейту, ана тілінің қадір-қасиетін ұғындыру.

2025 жылғы тіл апталығы аясында 10-сынып оқушыларының қатысуымен «Ұлт ұстазы – Ахмет» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Шара барысында оқушылар Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы, ағартушылық қызметі, тіл саласындағы еңбектері мен қоғамдық-саяси көзқарастары жайлы баяндамалар оқыды. Дөңгелек үстелде Ахмет Байтұрсынұлының қазақ әліпбиін жасау жолындағы еңбегі, «Қазақ» газетінің маңызы, «Тіл – бүгінгі күнге берер тағылымы туралы пікірлер талқыланды.

Оқушылар тұлғаның "Маса" жинағынан өлеңдер оқып, оның мазмұнын талдап, өз ойларын ортаға салды.



Сонымен қатар, ұлт ұстазының қазіргі қазақ қоғамы үшін маңыздылығы жайлы ой бөлісті. Шара ашық пікірталас, сұрақ-жауап, ойталқы форматында өтті. Оқушылар белсенділік танытып, өзара сұрақ қойып, терең ойларын дәлелді түрде жеткізе білді. Оқушылардың тарихи тұлғаға деген қызығушылығын арттырып, тілдің қадірін ұғынуға, ұлттық құндылықтарды бағалауға жол ашты. Дөңгелек үстел өз мақсатына жетіп, оқушылардың танымдық қабілетін, сөйлеу мәдениетін арттырды.



Ұйымдастырушы мұғалім: Жаксыбаев Д.М.